





Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы бойынша
білім бөлімінің «Абай атындағы орта мектебі»КММ

КЕЛІСЕМІН: 
Әдіскер :
К.С.Тусипова
«30» 08 2021ж

ҚАРАЛДЫ: 
Бірлестік отырысында
Хаттама № 1
«27» 08 2021ж

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың бағдарламасының мазмұнын іске асыруда

«Логика» тақырыбы бойынша мектепалды даярлық сыныбының

вариативтік компоненті

Мектепалды даярлық «Г»сынып тәрбиешісі: Сайлаубекқызы.А

Ақжар ауылы
2021-2022оқу жылы

Түсінік хат

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандартына (2016 жылғы 13 мамырдағы №292 ҚР Үкіметінің қаулысы), Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына (ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 маусымдағы №391 бұйрығына 1-қосымша) сәйкес жалпы білім беретін мектептердегі мектепалды даярлық сыныбына берілген 3 сағат вариативтік компонентті жүзеге асыру бағытында 1 сағаты Н.Н.Амирова Логика – Алматыкітап баспасы, 2021ж. «Логика» мектепалды даярлық тобына арналған әдістемелік құралы негізінде жоспарланды. (АӘК сараптама кеңесі, 21.02.2017 ж №2 хаттама)

Ұсынылып отырған бағдарлама мектеп жасына дейінгі оқытуда алған білімдерін тереңдетуді, қабілетін қалыптастыруды, сол арқылы таным әрекетін белсендіруді көздейді. Жан-жақты дамуға жағдай жасай отырып, баланы іздемпаздыққа және өзіне сенімді болуға ұмтылдырады, ақыл-ой деңгейін қалыптастырады. Өзіне өзі сенімді, қызмет жасауға жетелейді.

Құрылған тапсырмалар мазмұны жағынан бір-біріне ұқсамайды. Бұл баланың ой-өрісін дамытып қана қоймай, оны байқағыштыққа, шапшандыққа, ойын дәлелдеуге де үйретіп, әрі оны жалықтырмайды. Әр түрлі оқу әрекеті сайын тапсырмалар қиындайды, көлемі көбейіп тапсырманы орындау жылдамдығы артады.

Мақсаты:

1. Бағдарламаның көздеген мақсатына жету үшін өз бетінше іздену әрекеттерін қалыптастыру; математикалық байланыстар мен байланыстылық туралы түсінік қалыптастыру.
2. Негізгі ойлау операцияларын саналы түрде қолдана білуге үйрету. Яғни, іздену тапсырмаларын орындату.
3. Баланың оқу іс-әрекетіне деген қызығушылығын арттыру, қиялдар, елестету және шығармашылық ойлауын дамыту (ес, зейін, қабылдау, ойлау).
4. Өз пікірін айту және оны дәлелдеу, дұрыс сөйлеуге дағдыларын қалыптастыру;
5. Алған білімдерін күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету және тәрбиелеу.

Міндеттері:

-баланың қалыптасуына, тәрбиеленушінің ақыл-ойын дамытуға, интеллектуалдық және ерік пен сезімге қатысты белсенділігін қалыптастыруға мүмкіндік туғызу;

-математиканы өмірде болып жатқан нақты құбылыстарды жалпылауға және қоршаған болмысты танып білуге көмектесетін ғылым болып табылатыны туралы түсініктердің қалыптасуына ықпал ету;

- баланың өмір сүруіне және мектептің келесі сатысында оқуын жалғастыру үшін қажетті білім,білік және дағдыларды қалыптастыру.

Ұсынып отырған бағдарламаның мазмұны:

1.Мектепалды даярлық топ балаларын оқыту, тәрбиелеу және дамыту талаптары мен мақсатына сәйкес;

2.Мектепалды даярлық топ жас ерекшеліктеріне және мүмкіндік өрісіне сай;

3.Қоршаған ортаның, математикалық экономиканың әдет-ғұрып элементтерін пайдалануға мүмкіндіктерін береді.

Берілген тапсырмалардың міндеті – оқушылардың ой-өрісін, тілі мен сөйлеуін дамыту.

Өзектілігі:

Мектепалды даярлық топта логикалық, математикалық ұғымдар түйсіну арқылы қалыптасады. Логика пәні логикалық ойлау жүйесін қалыптастырады, дұрыс шешім қабылдауға дағдыландырады. Баланың танымдық іс-әрекетін, белсенділіктерін, қызығушылықтарын арттырып, топпен жұмыс істеуге үйренеді. Осы пәнді оқыта отырып, есте сақтаудың түрлерін, қиял мен зейінді қалыптастырып дамытады.

Логика аптасына бір рет өткізіледі. Оқу жылындағы сағат саны – 32.

Мектепалды даярлық топ бойынша заттарды топтастыру, нақты белгілерін табу, берілген белгілері бойынша затты анықтау, заттар мен құбылыстарды салыстыру, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табу сияқты тақырыптар қарастырылады. Сонымен қатар әр түрлі логикалық қызықты сөзжұмбақтар мен ребустар шешкізіледі.

Бағдарламаны жүзеге асыру сатылары:

Оқу іс-әрекетіне балаларды түгелдей қамту;

Жеке дара қасиеттерін ескере білу;

Іс-әрекетке қызықтыра білу.

Бағдарламаның құрылу ерекшеліктері:

-Бала білімін тексерудің өз-өзін бақылауға,жұптық бақылауға,қорытынды бақылауға негізделуі;

-Бағдарлама мазмұнына ұлттық сипаттағы ойын-есептердің,ұлттық өнер мен ертегілер элементтерінің еңгізілуі;

-Бағдарлама мазмұнына енген жаттығулар оқушылардың сөздік қорын байытуға , байланыстырып сөйлей білу қабілеттерін жетілдіреді.

Жыл соңында тәрбиеленуші білуі қажет:

Заттардың орналасу заңдылығын;

Геометриялық фигуралардың аттарын және олардың қасиетін;
Зейінге берілген тапсырманы орындау;

Айырмашылығын ажырату;

Пәнаралық кіріктіру: математика, құрастыру, тіл дамыту, бейнелеу.

Барлық сағат саны: 32 сағат, аптасына 1 сағат .

Таңдау бағдарламасының базалық мазмұны

Барлығы сағат саны 32, аптасына 1 сағат

Таңдау курсының базалық мазмұны

1. Балалардың даму деңгейін анықтау. 2 сағат

Кеңістіктегі заттар және олардың белгілерін анықтау, белгілері бойынша табу көзделеді.

-Жан-жануарлардың белгілерін таба білдіру, сипаттауға, қасиеттерін анықтауға берілген. Грамматикалық диктанттар арқылы балалардың назарын, ойлау қабілетін жаттықтыру.

-Жан-жануарларды сипаттау кезінде біліктілігін арттыра отырып, тапқырлықты, ой ұшқырлығын және шығармашылық қабілеті дамиды.

2. Ширату. 5 сағат

Берілген сөздердің белгілерін табу, мезгілдердің белгілері бойынша сипаттау және ширату.

3. Салыстыру. 4 сағат

Бір текті шамаларды салыстыру (сезіну арқылы, көз мөлшерімен, беттестіру арқылы, қандай болмасын шартты өлшеуіштер және т.б. көмегімен)

Өлшеудің бір атау бірлігімен өрнектелген шамадан осы текті шаманың басқадай атау бірлігіне көшуге жаттықтыру;

4. Ұқсастығы мен айырмашылығы 1 сағат

Сөздік диктант мағынасы бір сынарын тап, суреттердің сәйкестігін таптыру, геометриялық фигуралар арқылы заттардың ұқсастығын айыру, сөз жұмбақтарды шештіру.

5. Мөлшерді зерттеп салыстыру. 1 сағат

Төлдердің шыққан анықтамасын айтқызу, заттардың ортақ белгісі мен айырмашылығын таптыру. Суретпен жұмыс әңгіме құрастыру суретшінің қатесін түзеу және сөз есептерге назар аударту

6. Жүйелеу 6 сағат

Әріптердің айысу арқылы сөздердің мағынасына ауысатынына көздерін жеткізу, тұжырымдау.

7. Шектеу. 3 сағат

Сөздердің алғашқы әріптері арқылы сөз құрату, логикалық есептерді шығарту және сөз жұмбақтарды шештірту.

8. Терістеу (мойындамау) 3 сағат

Белгілердің анықтамаларын тұжырымдау, артық заттарды, анықтау, сөздерден жаңа сөздер құрау. Геометриялық фигуралардың пішінділерін меңзермен сызып анықтау, қандай фигуралар жетіспейді.

9.Талдап қорыту. 2 сағат

Бірліктермен жіне ондықтармен санау,кестелік қосу менбір таңбалы сандарды азайту, сөз есептерді шығарту. Заттардың ортақ белгілерін таптыру, жинақтау, салыстыру, тұжырымдау.

10.Қорытындылау. 1 сағат

Талдау, түсіндіру, заттарды топтау. Есептердің мәтінің табуға , шешуін түсіндіруге баулу.

11.Сұрыптау. 3 сағат

Кез келген әріптен басталатын бес қыздың атын айт. Кез келген әріптерден сөздер құрастыру. Сөйлем арқылы жалғасын табуға арналған мәтін құрастыру.

12. Ой тұжырымы. 1 сағат

Сөздердің мағынасын түсіндіру, жасырынбақ ойындар арқылы биік және аласа сөздерін тұжырымдау, заттарды орналастыру, сөйлемнің алғашқы бөлігін, қисынды дұрыс анықтау.

Қорытынды кезең. «Логика» пәнінен алған теориялық білім мен практикалық іскерліктерін жаңа білімді игеруде қолданумен байланысты болады. Әрбір кезеңнің соңында жүргізілетін жаттығулармен тапсырмалар логикалық ойлау операцияларын арнайы, жүйелі қалыптастыру осы бағытта оңды нәтижелі өзгерістерге жетуге жағдай жасайтындығын көрсетті.

Тәрбиешілерге ұсынылған әдебиеттер:

1. Соколова Ю.А. Логика. Москва ,2004
2. Развитие логического мышления детей. Л. Ф. Тихомирова, А.В. Басов. Ярославль. «Академия развития» 1998
3. Логика для младших школьников. Л.Ф. Тихомирова. Ярославль. Академия развития, Академия Холдинг, 2003.
4. Л.Ф. Тихомирова, А.В.Басов. Материалы по оценке готовности к обучению в среднем звене. Ярославль, 1992.
- 5.С. Елубаева,с. Елубаева. «Дидактикалық ойындар мен логикалық есептер». Алматы, 1995.
6. Варегина Ф.В, Смирнова С.В. Дидактические игры и логические задачи на уроках математики в начальных классах.- Тула, 1990.

Тәрбиеленушілерге ұсынылатын әдебиеттер:

1. Н.Н.Амирова Логика – Алматы кітап баспасы, 2020.
2. Запорожец А.В. Развитие логического мышления у детей дошкольного возраста.
3. Автор: Мелихова Л.Б. Логические задачи на уроках математика.

ТАҚЫРЫПТЫҚ – КҮНТІЗБЕЛІК ЖОСПАР
МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ СЫНЫП
«ЛОГИКА»

Барлық сағат саны: 32сағат(аптасына 1 сағат)

№	Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің тақырыбы	Сағат саны	Мерзімі
1	Менің отбасым	1	06.09.21ж
2	Төлдерге ежелерін табуға көмектес	1	13.09
3	Марғаулар телефонның сымын үзді	1	20.09
4	Қандай заттар артылып қалды?	1	27.09
5	Олардың қандай айырмашылықтары бар?	1	04.10
6	Бірдей қуыршақтарды тап	1	11.10
7	Мамандықтарды ата	1	18.10
8	Жануарлар орман ішінде тығылып отыр	1	25.10
9	Мысыққа тышқанды табуға көмектес	1	08.11
10	Айырмашылықтарын тап	1	15.11
11	Жұмбақтарды шеш	1	22.11
12	Бірдей маймылдарды тап	1	29.11
13	Әділдің қолында қандай шарлар бар?	1	06.12
14	Өрнегі ұқсас екі жыланды тап	1	13.12
15	Қалған заттарды бір сөзбен ата	1	20.12
16	Жұмбақты шеш	1	27.12
17	Мыналар қандай аңдар? Айырмашылықтарын тап	1	17.01.2022ж

18	Қайысы артық?	1	24.01
19	Біртекті жануарларды сана	1	31.01
20	Қайысы қайда мекендейді?	1	14.02
21	Жәндіктер мен құстарды ата	1	21.02
22	Қайысы арты?	1	28.02
23	Жыланнан сақтан!	1	07.03
24	Жануарларды ата	1	14.03
25	Фигураларды ата	1	04.04
26	Сипаттамаға қай зат ұқсайды?	1	11.04
27	Оларды неге бұлай атайды?	1	18.04
28	Балалардың есімдері кім?	1	25.04
29	Әрбір қызға баскиім таңда да, оларды біріктірі	1	02.05
30	Цифрларды суреттердің санына сәйкес сызықпен қос	1	02.05
31	Бірдей қар бүршіктерін тап	1	16.05
32	Әділге ұшақ құрастыруға көмектес	1	23.05
	Барлығы	32	